

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

ӘЛЕМДІК МҰРАЖАЙЛАР– ӨРКЕНИЕТТЕР ТАРИХЫ (гуманитарлық бағыттағы 10- сынып)



ӘОЖ 372.893
КБЖ 74.266.3
Б 34

Шардара ауданы, Шардара қаласы әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік сараптамалық орталығының кеңесімен (хаттама №) ұсынылды.

Автор-құрастырушы:

Бегалиева Рабига Токтамысовна – М.Горький атындағы ЖОББМ тарих пәні мұғалімі

Пікір берушілер:

Тилеукулов Г., М.Әуезов атындағы ОҚУ «Тарих және педагогика» факультеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Садықбеков Қ., Шардара, Құрманғазы мектебінің тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер

Бегалиева Р.Т.

Б34 Әлемдік мұражайлар – өркениеттер тарихы : гуманитарлық бағыттағы 11-сыныпқа арналған авторлық бағдарлама / авт.-құраст. Р.Т. Бегалиева. – Шардара, 2024. – 24 б.

Бағдарлама әлемдік мұражайлар жөнінде толық мағлұмат беруді және оларды өз еліміздегі мұражайлармен салыстыра отырып зерделеуді, білім алушылардың ғылыми қызығушылығын арттырып, өркениет құндылықтары мен ұлттық жәдігерлерімізді құрметтеуді қалыптастыруды көздейді.

Элективті курс тарих пәні мұғалімдеріне дүниежүзі тарихы пәні бойынша көмекші құрал ретінде жазылған.

ӘОЖ 372.893
КБЖ 74.266.3

© Бегалиева Р.Т., 2024

Түсінік хат

Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Мұражайлар алғашында бағалы бұйымдар мен заттар, мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты. **Мұражай, музей**, (грек тілінде *museion* – муза сарайы) тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Еуропада тарихи мұражайлар XVI-XVIII ғғ. пайда болды. Мұражайлардың қалыптасуына көне замандардағы коллекциялар негіз болды. Ежелгі Рим шешені Марк Туллий Цицерон «коллекция-шашыранды заттарды бір топқа біріктіру» деп түсіндірді.

XIX ғ Германияда өнер мұражайлары құрылды. 1977 ж. Халықаралық музейлер Кеңесінің 11-конференциясында 18 мамыр «Халықаралық мұражай күні» болып белгіленді. Мұражай негізгі бағыты тұрғысынан бірнеше топтарға бөлінеді: тарихи мұражайлар (жалпы тарих, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, т.б.), көркем өнер мұражайы (көркем өнер, мүсін, қол өнер, қолданбалы өнер, театр, музыка кино, т.б. музейлер), “жаратылыстану мұражайы” (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық, т.б.), техникалық мұражайлар (авиация, автокөлік, кемежасау, тау-кенісі, өнеркәсіп, өндіріс өнімдері, т.б.), “кешенді мұражай” (тарих, шаруашылық, жаратылыстану, т.б. бағыттарды біріктіріп, жұмыс істейтін кең профильді өлкетану мұражайы), мемориалдық мұражай (мемлекетке, өнерге, әдебиетке ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өнері мен қызметіне арналған мұражай). Мұражайісінің негізгі бағыттары – мұражай мұраларын (жәдігерлерді) жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайта қалпына келтіру (реставрация), консервациялау, зерттеу нәтижелерін ақпарат жүйелерінде тарату, мұражайдың кадрлық жүйесін жетілдіру. Мұражай жұмыстарын ұйымдастыру түрлеріне: көрмелер, экспозициялар ұйымдастыру, тақырыптық дәрістер, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, мұражайлық басылымдар шығару, т.б. жатады. Мысалы, Қазақстандық мұражайларда кейінгі жылдары 20 мыңнан астам көрмелер мен дәрісте реткізілді.

Максаты:

- Әлемдік мұражайлар жөнінде толық мағлұмат беру, мұражайларға виртуалды саяхат жасап коллекцияларымен танысу, сонымен қатар еліміздегі мұражайлардың тарихын зерттеу.
- Тарихи, анықтамалық, энциклопедиялық әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп, шығармашылық тапсырмаларды орындау;

- Әлемдік мұражайлар мен Қазақстандағы мұражайларға қатысты өз пікірін дәлелдеу дағдысын жетілдіру, шынайы пікір-талас жүргізуді үйрену.

Міндеттері:

1. Әлемдегі ең ірі, ерекше мұражайлар жайлы жаңа мағлұматтар беру және алған білімін тереңдету.
2. Оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамыту, оқылған материалды талдап үйренуін қамтамасыз ету.
3. Қосымша әдебиеттер, электрондық білім және бұқаралық ақпарат құралдар материалдарын сыни тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылардың лидерлік қабілетін дамытады. конструктивтік пікір алмасу қабілетін арттыру, отансүйгіштікке сүйенген ұрпақ еліздегі құндылықтарды қадірлей біледі.

Курс халықаралық катынас, әлемдік экономика, халықаралық журналистика, елтану, аймақтану, саясаттану, тарих сияқты мамандықты қалаған жеткіншектерге бағыт-бағдар, көмек береді. Оқушылардың әлемдік мұражайлар мағлұмат алып, білімдерін арттырады.

Маңызды оқиғалар мен тұлғаларға қатысты өз пікірін қалыптастырады, дәлелдейді, баға береді.

Әлемдік мұражайлар мен Қазақстандағы мұражайлар жөнінде толық мағлұмат беру, мұражайларға виртуалды саяхат жасап коллекцияларымен танысады.

Өзектілігі:

Осы орайда «Әлемдік мұражайлар өркениеттер тарихы» курсы мектеп оқушыларының Әлемдік мұражайлары туралы мол мағлұмат алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ жас жеткіншектің тарихи жадының қалыптасып, өзіндік ой қорыта алуына бұл пәннің қосар үлесі айрықша. Қазіргі мәдени білім үшін маңызды және мұражай мәдениеттің пәндік болмысының көптеген формаларының бірі болғандықтан және оны зерттеу мәдениеттің әлеуметтік функцияларын жүзеге асырудың механизмдері мен тәсілдері туралы құнды материал бере алады.

Оқушылардың әлемдік мұражай мен өз еліміздегі мұражайларды салыстыра отырып, құндылықтарын түсініп, тарихты терең зерттей отырып, ғылыми қызығушылығын тудырады.

Ерекшелігі:

- Мәселелік оқыту, яғни негізгі сұрақтарды анықтау арқылы оқытубасшылыққа алынған;
- Оқыту барысында көбіне талдау әдісі, жинақтау әдісін қолдану
- жолдары ұсынылады.
- Көп уақыт ізденіске, шығармашылық жұмысқа беріледі.

Бағдарлама деректер мен жаңа зерттеулер негізінде жасалған.

«Әлемдік мұражайлар өркениеттер тарихы» курсы Қазақстан Республикасының білім стандартының талаптарын ескере отырып, жасалған.

2.Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі

Оқу пәнінің құрылымы мен мазмұны барынша толық және нақты бейнеленген бағдарлама мәтінінен тұрады. Бағдарлама 34 сағатқа арналған.

10-сыныпқа арналған бағдарлама негізінен 4 бөлімнен тұрады:

I бөлім.Әлемдегі ең ірі мұражайларының қалыптасу тарихы (8-сағат)

- Кіріспе. «Мұражай» сөзінің шығу тарихы (1 сағат)
- Ресей. Эрмитаж мұражайы (1 сағат)
- Нью-Йорк. Метрополитен өнер мұражайы.(1 сағат)
- Егпет мұражайы.(1 сағат)
- Токо Ұлттық мұражайы. (1 сағат)
- Флоренция. Уффици ұлттық галереясы(1 сағат)
- Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы (1 сағат)
- Әлемдегі ірімұражайларыныңқалыптасу тарихыбөлімін қайталау. Зерттеу жұмысы(1 сағат)

II бөлім. Батыс елдеріндегі мұражайлары мен өркениеттерінің құндылықтары

(8-сағат)

- Испания. Прадо мұражайы. (1 сағат)
- ФранцияЛувр мұражайы. (1 сағат)
- Британдық мұражайы. (1 сағат)
- Италия. Ватикан мұражайы. (1 сағат)
- Голландия. Рейкс мұражайы. (1 сағат)
- Германия. Дрезден галереясы, Берлин мемлекеттік мұражайы. (1 сағат)
- Париж. Версаль «Изабелла залы және Диана залы» (1 сағат)
- Батыс елдеріндегі мұражайлары мен өркениеттерінің құндылықтары. Тест (1 сағат)

III бөлім Азия мен Орта Азия мұражайларының тарихы (10-сағат)

- Үндістан. Калькут мұражайының тарихы. (1 сағат)
- Қытай. Ұлттық мұражайы. (1 сағат)
- Жапония. Ұлттық мұражайы. (1 сағат)
- Түркіменстан. Әмудария мемлекеттік мұражайы.(1 сағат)
- Тәжікстан Ұлттық мұражайы. (1 сағат)
- Өзбекстан. Ұлықбек обсерваториясы. (1 сағат)
- Корея. Ұлттық мұражайы. (1 сағат)
- Қырғызстан. Ұлттық мұражайы. (1 сағат)
- Шанхайлық мұражайы. (1 сағат)
- Азия мен Орта Азия мұражайларының тарихы бөлімін қайталау. Зерттеу жұмысы. (1 сағат)

IV бөлім Қазақстан Республикасының мұражайлары (8-сағат)

- «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай қорығы. (1 сағат)
- ҚР тұңғыш Президентінің мұражайы. (1 сағат)
- «Алжир» мемориалдық-мұражай кешені.(1 сағат)
- КарЛаг музейі. (1 сағат)

- "Шымкент ескі қалашығы (Цитадель). (1 сағат)
- Шымкент. Тарихи-өлкетану мұражайы. (1 сағат)
- Шымкент қалалық саяси қуғын - сүргін құрбандары мұражайы. (1 сағат)
- Қазақстан Республикасының мұражайлары бөлімді қайталау тапсырмалары. (1 сағат)

3. Нормативтік бөлім

Жас жеткіншектің тарихи жадының қалыптасып, өзіндік ой қорыта алуына бұл курстың қосар үлесі айрықша. Рухани, тарихи, ғылыми мұрасы оқушы игеруге тиіс сапалық дағдылардың негізгісі болып табылады.

Әлемдік мұражайлар жөнінде толық мағлұмат беріп, мұражайларға виртуалды саяхат жасап, коллекцияларымен танысады, Әлемдегі ең ірі мұражайларының тізбегімен, Батыс елдеріндегі мұражайлары мен өркениеттерерінің құндылықтары, Азия мен Орта Азия мұражайларының тарихы және Қазақстандық мұражайлардағы тұлғалардың өмірін, азаматтық тұлғасы мен күрескерлік жолын, шығармаларын оқытып-үйрету – парыз.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер бойынша оқушылар:

- 1) Әлемдік мұражайлар мен еліміздегі мұражайларды мұраларын зерделеу тәжірибесін;
- 2) тарихи үдерістерді мұражайлар арқылы дербес талдай білуді, тарихи фактілер, құбылыстар мен мұражайларға дербес көзқарас білдіру бейімін және тақырыптық негізде түйінді тұжырымдарды жасай білуі;
- 3) мұражайларға қатысты деректермен жұмыс істей білу, оларды саралау, жинақтау және тарихи оқиғаларды бағалау мен осы саладағы білімін шығармашылықпен дамыту дағдысын;
- 4) мемлекетшілдік ізденістерге, ұлтымыздың құндылықтарын құрметпен қарайтын саналылық келбетін;
- 5) ғылыми ізденімпаздық қабілетін, қазіргі жаңа технологиялар негізінде ақпаратты жүйелеу, өңдей білу, сақтау және тарата білуді қолдана білуі тиіс.

4. Ақпараттық-әдістемелік бөлім

«Әлемдік мұражайлар өркениеттер тарихы» курсы бойынша бағалау нормасы қалыптастырушы және жиынтық бағалау негізінде жүзеге асырылады.

«Әлемдік мұражайлар өркениеттер тарихы» бағдарламасы таңдаулы болуына байланысты оқушыларды бағалау жүйесі «төмен» деген бағалауды қамтымайды. Себебі, бағдарламаны оқушылар өз еріктерімен, қызығушылықтарына қарай таңдағандықтан, қойылған талаптар шеңберінде жұмыс жасауға тырысатыны сөзсіз.

Бағдарлама мазмұны тарауларға бөлінген, олардың әрқайсысы арнайы тақырыптарды қамтиды. Бағдарламаның жақсы меңгерілгені оқушының

өзіндік шығармашылық жұмысымен анықталады. Бағдарлама тақырыбы бойынша оқушының өзіндік жұмысы өз зерттеуін не жобасын қорғау, мақала жазу, үздік таныстырылым әзірлеу, эссе жазу арқылы жүзеге асырылады.

Оқушылар бағдарламаны оқып үйрену барысында білуге тиіс:

- Мұражайға байланысты терминдерді қолдануды
- Оқиғалар арасындағы тарихи байланысты білу
- Мұражайлардағы тұлғалардың өмірбаянын
- Ғылыми мәселелерді өздігінен шешуі математикалық терминдерді қолдана білу;
- мәселелерді шешудің тиімді жолын үйрену;
- күрделі, стандартты емес есептерді шешуді дағдыландыру.

Курстан күтілетін нәтижелер:

- мұражайларға тарихи талдауды меңгереді;
- мақала жазуға дағдыланады;
- логикалық ойлау қабілеті дамиды;
- тарихи сана қалыптасады;
- оқушының зерттеушілік қабілеті артады;
- пәнге деген қызығушылығы артады.

Оқушылардың білімдерін бағалау: оқушылардың шығармашылық жұмыстарын (реферат, презентация, зерттеу жұмысы, жоба, мақала эссе) бағалау барысында тарихи танымының тереңдігі, өз ойын еркін жеткізе білуі шеберлігі, логикалық бірізділіктің сақталуы, шешендік өнері және т.б. қабілеттерін ескеріп, бағалау критерийлері негізінде бағаланады. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау жүзеге асырылады. Үздік жазылған мақалаларды баспа беттеріне жарыққа шығару көзделген.

Күнтізбелік - тақырыптық жоспарлау
10-сыныптар. Барлығы 34-сағат, аптасына – 1 сағат

Р\С	Бөлім Бөлімше Тақырып	Оқу мақсаты	Сағат саны			Білім өнімі
			Барлығы	Лекция\ Теория\ Тәжірибе	Тәжірибе\ Тәжірибе 2	
I бөлім. Әлемдегі еңірі мұражайларының қалыптасу тарихы Барлығы: (8 сағат) Теория:(3 сағат) Жоба\зерттеу жұмысын қорғау: (5 сағат)						
1	Кіріспе. «Мұражай» сөзінің шығу тарихы»	Мұражай сөзінің шығу тарихына шолу жасау;	1	1		Әлем мұражайлары на түсініктеме
2	Ресей. Эрмитаж мұражайы	Эрмитаж мұражайының қалыптасу тарихына шолу жасау; Екатерина II-нің (көптеген көркем шығармаларды сатып алған) жеке қоры негізінде ұйымдастырылғанына баға беру;	1		1	3Д арқылы оқушылармен саяхат жасау. Эрмитаж мұражайындағы классик мұраларын онлайн тамашалау;
3	Нью-Йорк. Метрополитен өнер мұражайы	Мұражай қоры негізінен өнер құрметтейтін азаматтардың мұражайға сыйға тартқан жәдігерлеріне баға беру;	1		1	3Д платформасы арқылы оқушылармен саяхат жасау
4	Египет мұражайы	Египет мұражайының қалыптасу тарихына шолу жасау; Египет мұражайындағы тарихи тұлғаларды тануы	1		1	Тарихи талдау Мақала жазу
5	Токио Ұлттық мұражайы	Токио мұражайының қалыптасу тарихына шолу жасау; Токио мұражайындағы жәдігерлерімен таныстыру;	1		1	3Д платформасы арқылы оқушылармен саяхат жасау
6	Флоренция. Уффици ұлттық галереясы	Уффици деген атаудың шығу тарихы. Галереялар кешеніне кіретін кескіндемесін, графика ерекшеліктеріне баға беру	1	1		Тарихи талдау Ғылыми мәселелерді өздігінен шешуі
7	Қазақстан Республикасының	Мұражайдың қалыптасу тарихы мен бағалы	1		1	3D Тур вертуалды

	Ұлттық мұражайы	жәдігерлерімен таныстыру;				саяхаттау
8	Әлемдегі ірі мұражайыларының қалыптасу тарихы бөлімін қайталау. Зерттеу жұмысы	Бөлімді қайталау жинақтау	1	1		Оқушылардың жасаған жұмыстарына есеп беруі
II бөлім. Батыс елдеріндегі мұражайлары мен өркениеттерінің құндылықтары Барлығы: (8 сағат) Теория: (4 сағат) Жоба\зерттеу жұмысын қорғау: (4 сағат)						
9	Испания. Прадо мұражайы	Прадо мұражайы Габсбург пен Бурбон әулеттерінің жинастырған қорларының негізінде пайда болғандығын таныстыру;	1	1		Ғылыми талдау жасау. Эссе жазу
10	Франция Лувр мұражайы	Лувр атауының шығу тарихымен танысу, туындылардың мол болып жинақталу себептерін зерттеу, өркениетке қосқан үлесін бағалау.	1		1	3D платформасы арқылы оқушылармен саяхат жасау. Тарихи талдау Ғылыми мәселелерді өздігінен шешуі
11	Британдық мұражайы	Уффици деген атаудың шығу тарихы. Галереялар кешеніне кіретін кескіндемесін, графика ерекшеліктеріне баға беру.	1		1	3D Тур виртуалды саяхаттау
12	Италия. Ватикан мұражайы	Италиядағы Ватикан мұражайының тамаша туындылардың мол болып жинақталу себептерін зерттеу, өркениетке қосқан үлесін бағалау.	1		1	3D Тур виртуалды саяхаттау
13	Голландия. Рейкс мұражайы	Рейкс мұражайының жеке қорларының жинақтарына тоқтала отырып, интернет ашық көздері арқылы мұражайды тамашалау;	1	1		Тарихи талдау
14	Германия. Дрезден галереясы, Берлин мемлекеттік мұражайы	Дрезден галереясының құрылысына тоқтала отырып, ондағы жинақтардың құндылығына баға беру;	1		1	3D платформасы арқылы оқушылармен саяхат жасау
15	Париж. Версаль «Изабелла залы және Диана залы»	Версальдағы Изабелла және Диана залдарына 3D тур арқылы оқушылармен	1	1		Тарихи талдау Эссе жазу

		саяхат жасау;				
16	Батыс елдеріндегі мұражайлары мен өркениеттерінің құндылықтары	Бөлімді қайталау жинақтау	1	1		Оқушылардың жасаған жұмыстарына есеп беруі
III бөлім Азия мен Орта Азия мұражайларының тарихы						
Барлығы: (10 сағат) Теория: (7 сағат) Жоба\зерттеу жұмысын қорғау: (3 сағат)						
17	Үндістан. Калькут мұражайының тарихы	Калькут мұражайының ашылу тарихы мен мұражай бөлімдерін түсіндірі;	1	1		Тарихи талдау Эссе жазу
18	Қытай. Ұлттық мұражайы	Қытайдың Ұлттық мұражайының ашылу тарихы мен мұражай мақтанышшы болып табылатын жәдігерлерге баға беру;	1		1	3D платформасы арқылы оқушылармен саяхат жасау
19	Жапония. Ұлттық мұражайы	Мұражайдың қалыптасу тарихы мен бағалы жәдігерлерімен таныстыру;	1	1		Тарихи талдау Мақала жазу
20	Түркіменстан. Әмудария мемлекеттік мұражайы	Мұражайдың Түркімен халқы үшін маңыздылығын көрсете отырып ондағы құнды жәдігерлермен таныстыру;	1	1		Тарихи талдау
21	Тәжікстан Ұлттық мұражайы	Тәжікстан Ұлттық мұражайының тарихы мен құндылығын, ұлттық жәдігерлеріне сипаттама;	1	1		Тарихи талдау Ғылыми мәселелерді өздігінен шешуі
22	Өзбекстан. Ұлықбек обсерваториясы	Өзбек мұражайларымен өркениетіне Әмір Темір әулетінің ерлігіне баға беру; Ұлықбек обсерваториясының тарихи құндылығын түсіндіру;	1	1		Тарихи талдау Эссе жазу
23	Корея. Ұлттық мұражайы	Мұражайдың қалыптасу тарихы мен бағалы жәдігерлерімен таныстыру;	1		1	3D платформасы арқылы оқушылармен саяхат жасау
24	Қырғызстан. Ұлттық мұражайы	Мұражайдың қалыптасу тарихы мен бағалы жәдігерлерімен таныстыру;	1		1	3D Тур виртуалды саяхаттау
25	Шанхайлық мұражайы	Мұражайдың қалыптасу тарихы мен бағалы жәдігерлерімен таныстыру;	1	1		Бөлімді қайталау жинақтау тесті.
26	Азия мен Орта Азия мұражайларының	Бөлімді қайталау тапсырмалары	1	1		Зерттеу жұмысы Мақала жазу

	тарихы бөлімін қайталау.Зерттеужұмысы					
IV бөлім Қазақстан Республикасының мұражайлары						
Барлығы: (8 сағат)		Теория: (4 сағат)	Жоба\зерттеу жұмысын қорғау: (4 сағат)			
27	«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай қорығы	Мұражайдың қалыптасу тарихы мен бағалы жәдігерлерімен таныстыру; Мұражайдағы тұлғалардың ерліктерін, еңбектерін жастарға ұлтжандылық тәрбиелеудегі маңызын бағалау;	1		1	Мұражайға саяхат
28	ҚР тұңғыш Президентінің мұражайы	Қытайдың Ұлттық мұражайының ашылу тарихы мен мұражай мақтанышы болып табылатын жәдігерлерге баға беру;	1	1		3D Тур виртуалды саяхаттау
29	«Алжир» мемориалдық-мұражай кешені	Мұражайдың қалыптасу тарихы мен бағалы жәдігерлерімен таныстыру;	1	1		3D Тур виртуалды саяхаттау. Ғылыми мәселелерді өздігінен шешуі
30	КарЛаг музейі	«Тар түрменің ішінде, күн сәулесі жарқырайды» сөзінің мағынасына баға беру;	1	1		3D Тур виртуалды саяхаттау
31	"Шымкент ескі қалашығы (Цитадель).	Орта ғасырдағы қала мәдениетін, мұражай мақтанышы болып табылатын жәдігерлерге баға беру;	1		1	Мұражайға саяхат
32	Шымкент. Тарихи-өлкетану мұражайы	Шымкент қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайындағы жәдігерлермен таныстыру мақсатында оқушыларды мұражайға апару;	1		1	Мұражайға саяхат. Ғылыми мәселелерді өздігінен шешуі
33	Шымкент қалалық саяси қуғын - сүргін құрбандары мұражайы	«31 мамыр - саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу» күніне орай оқушылармен мұражайға саяхат;	1		1	Мұражайға саяхат.Эссеж азу
34	Қазақстан Республикасының мұражайлары бөлімді қайталау тапсырмалары.	Бөлімді қайталау жинақтау тесті	1	1		Зерттеу жұмысы Тест

Әдістемелік ұсынымдар

1. Кіріспе. «Мұражай» сөзінің шығу тарихы» (1 сағат)

Мұражай, музей, (грек тілінде museion – муза сарайы) – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме

Мұражай-жалпы адамзат баласының өміріне заттық және рухани мәдениетті танытуда зерттеу мен насихаттауда үлкен рөл атқарды. Әсіресе, ұлттық, мәдени, адамзаттық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ерекшеліктерін оқып-үйренуге оның көмегі зор. Мұражай алғашқыда аса бағалы бұйымдар мен заттар және мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты.

Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады.


Ресей. Эрмитаж мұражайының қалыптасу тарихы, әлемдік мұражайға айналуы

1917 жылға дейін — Императорлық Эрмитаж Санкт-Петербургтегі Ресей Мемлекеттік өнер және мәдени-тарихи мұражайы, әлемдегі осындай ірі мекемелердің бірі. Эрмитаждың негізгі мұражай кешені Санкт-Петербургтің тарихи орталығында орналасқан, оған байланысты алты ғимарат кіреді — Қысқы сарай, Қысқы сарайдың қосалқы үйі, Кіші Эрмитаж, үлкен (ескі) Эрмитаж, Жаңа Эрмитаж және Эрмитаж театры. Оларда 365 зал бар. Сондай-ақ, мұражайдың қарамағында бас штаб, Императорлық фарфор зауытының мұражайы, "ескі ауыл" қалпына келтіру және сақтау орталығы және Меньшиков сарайы бар. Эрмитаж үй-жайларының (ғимараттарының) жалпы ауданы 233 345 м², экспозициялық — көрме алаңы-100 000 м² Мұражайдың заманауи коллекциясында үш миллионға жуық өнер туындылары мен ескерткіш бар.



Нью-Йорк. Метрополитен өнер мұражайы

Метрополитен өнер мұражайы (Metropolitan Museum of Art) — Нью-Йорктегі ең үлкен және әлемдегі ең үлкен мұражайлардың бірі. Оған жыл сайын 6 миллионнан астам адам келеді. 1870 жылы үш жеке кескіндеме коллекциясынан құрылған мұражай уақыт өте келе әлемдік өнердің нағыз қазынасына айналды. Метрополитен өнер мұражайының ауданы 18 гектардан асады. онда 3 миллионға жуық экспонаттар бар — ежелгі артефактілерден бастап қазіргі заманғы, әр түрлі елдер мен континенттерден



әкелінген. Метрополитен өнер мұражайында континенттер мен тарих кезеңдеріне бөлінген он жеті ақырыптық бөлім бар. Ежелгі Рим және ежелгі грек бөлімдері, Ежелгі Египет, Африка, Қытай және жапон, еуропалық және бөлек ортағасырлық және басқалары — баруға болатын экспозициялардың толық емес тізімі. Тұрақты жұмыс істейтін 17-ден басқа, мезгіл-мезгіл бір-бірін алмастыратын онға жуық уақытша экспозициялар бар.

4. Египет мұражайы

Египет мұражайы **Египеттің көне жәдігерлер мұражайы**, әдетте ретінде белгілі **Египет мұражайы**: *эл-Матаф эл-Мийри, эл-Матаф эл-Маъри*) (Каир мұражайы деп те аталады), орналасқан Каир Египет, ең үлкен коллекциясы орналасқан Египет әлемдегі көне заттар. Мұнда 120 000-нан астам заттар сақталған, олардың саны көрмеге қойылған. Орналасқан жері Тахрир алаңы 1901 жылы салынған ғимаратта бұл ең үлкен мұражай Африкада. Оның шедеврлерінің қатарына Перғауын Тутанхамонқазынасы, оның белгішесімен бірге алтын жерлеу маскасы, әлемдегі ең танымал өнер туындыларының бірі және көрнекті символы болып саналады. Египеттің көне жәдігерлер мұражайында ежелгі Египет тарихының көптеген маңызды бөліктері сақталған. Мұнда әлемдегі ең үлкен фараондық көне жәдігерлер коллекциясы сақталған. Египет үкіметі 1835 жылы салынған мұражайды сол маңда құрды Өзбек бағы және кейінірек көшті Каир цитаделі. 1855 жылы, Австрия Архедцогы Максимилиан Египет үкіметі барлық жәдігерлерді сыйға тартты



Токио. Ұлттық мұражайы

Мұның бәрі 1872 жылы Токиодағы Юсима-сейдо ғибадатханасының Тайсейден ғимаратында алты жүзден астам экспонаттардан басталды, олардың арасында сарай қазынасы мен антиквариат ыдыстарынан империялық отбасының жеке заттарынан бастап, елдің табиғи байлығын, оның флорасы мен табиғатын көрсететін толтырылған жануарларға, пайдалы қазбалар мен табиғи өнімдердің үлгілеріне дейінгі әртүрлі мәдени мұра ескерткіштері бар. фауна. Көрме үлкен жетістікке жетті, оған барлығы жүз елу мыңға жуық адам қатысты. Көрме Ұлттық абыройды көтеру тұрғысынан ғана емес, ел өміріндегі маңызды оқиға болды. Ол елдің табиғатын, оның тарихын жаңа тәсілдермен, жалпылама түрде көруге мүмкіндік берді, бірегей табиғи байлықтарды қорғау, бүкіл адамзаттың меншігі болып табылатын мәдени дәстүрлер мен мұраларды сақтау қажеттілігі туралы мәселе қойды. Көрмені дайындау және өткізу үшін



Мәдениет және Білім Министрлігі жанындағы мұражай деп аталатын арнайы мекеме құрылды

Флоренция. Уффици ұлттық галереясы

Бүгінгі таңда Уффици галереясында теңдесі жоқ көркемдік байлық бар: ортағасырлықтан қазіргі заманға дейінгі мыңдаған кескіндеме, ежелгі мүсіндер, миниатюралар, гобелендер. Әлемдегі жалғыз галереяда заманауи суретшілердің үздіксіз сатып алулары мен сыйлықтарымен үнемі толықтырылып отыратын бірегей автопортреттер жинағы, сондай-ақ суреттер мен басылымдар кабинетінің ерекше коллекциясы бар (дәстүр бойынша "сурет приматы" бар қалада). Уффици галереясы өзінің керемет кеңістігі мен шедеврлер жинағының арқасында "керемет мұражай" деп аталу құқығына ие болды. Мұнда төрт ғасырдан астам уақытқа созылған түпнұсқа туындылар жинақталған. Сонымен қатар, Галерея тарихы Флоренция мәдениетінің интегралды бөлігі ретінде ерекше. Флоренция-Уффизидің екіұштылығы, ең алдымен, Медичи отбасынан бастап қаланың "қожайындарын" жинауға арналған туа біткен шақырумен түсіндіріледі: үш ғасырдағы Флоренция сеньорлары ежелгі дәуірдің құмар әуесқойлары және меценаттар болды.



Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы

Ғимарат екі-сегіз қабатты біріктіретін жеті блоктан тұрады, жалпы ауданы 74 мың шаршы метр. Экспозициялық алаң 14 мың шаршы метрге жетеді, мұражайлар көлемі 5 мың шаршы метрді қамтиды. Ежелгі және Ортағасырлық тарих залының экспозициясы тас дәуірінің еңбек құралдары мен тұрмыс заттарын, қола және темір ғасырларының археологиялық заттарын, сондай-ақ Қазақстан ортағасырлық тарихының артефактілерін (керамика, нумизматика, еңбек құралдары) бейнелейді. Тарих залының экспозициясы XV-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихын көрсетеді. мұнда қазақ батырларының көне фотосуреттері мен кітаптары, үй ыдыстары мен қарулары қойылған. Ұсынылған материал революция, одан кейінгі қуғын-сүргін және ашаршылық, ҰОС батырлары, Ауған қақтығысы және Семей полигоны туралы баяндайды. 20 ғасырдың басқа жақтары да зардап шекті — тың жерлерді игеру, қалаларды, өнеркәсіп пен ғылымды дамыту. Алтын залдарының экспозициясы Қазақстанның ежелгі көшпенділерінің алтын бұйымдарын — археологиялық жәдігерлердің бірегей олжаларын көрсетеді.



Испания. Прадо мұражайы, шедеврлері

Ол 1819 жылы басталады — Король Фердинанд VII-нің ұсынылуымен. Корольдік кескіндеме және Мүсін мұражайы сол кезде испан монархтарының жеке жиналыстарының қоймасы болды, олар бір жерде көрмеге қойылып, көпшіліктің назарына ұсынылды. Алдымен коллекцияда бір жарым мыңнан астам картиналар болды, бірақ бірнеше жылдан кейін Жинақ төрт мың картинаға жетті. Галереяға алғашқы түсімдер корольдік отбасы мен аумақты азаматтардың қайырымдылықтары түрінде болды. XIX ғасырдың екінші жартысында корольдік меншіктегі мұражай мемлекетке өтті. Кең коллекция Тринидад мұражайының коллекциясымен біріктірілді, онда діни бұйрықтардан алынған суреттер, сондай-ақ ел сатып алған XIX ғасырдың шедеврлері сақталған. 1868 жылғы төңкерістен кейін корольдік мұражай Nacional del Prado мұражайы болып өзгертілді.



Лувр мұражайы – шедеврлері мен көркем құндылықтар жиынтығының көрнектісі.

Францияның лувр мұражайы және әлемдегі ең маңызды көрме кешендерінің бірі-бүгінде білім беру орталығы. Сарай қабырғаларында Лувр Жоғары мектебі жұмыс істейді. Ол XIX ғасырдың соңында ашылды және бүгінде мұнда иконографиядан бастап баспа ісінің тарихына дейінгі 31 пән оқытылады. Тыңдаушылардың Лувр залдарында әлемдік өнердің шедеврлерін зерттей отырып, дәрістерге қатысудың ерекше мүмкіндігі бар. Мұражайдың көптеген кураторлары - жоғары мектеп түлектері. Мұражай өнерге тек хобби ретінде қызығушылық танытқандар үшін білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады. Сондай-ақ, сарай ғимаратында Қалпына келтіру мұражайы — зерттеу орталығы орналасқан-оның мамандары кенептерді қалпына келтірумен айналысады. Әдетте Луврға кем дегенде жарты күн келеді. Мұражайдан шықпауға болады, тіпті егер сіз тамақ ішкіңіз келсе де: мұнда бірнеше кафе бар. Сонымен қатар, Луврда кәдесый немесе көркем альбом сатып алуға болатын елуге жуық сауда павильондары бар.



Сабақты www.google.com/maps/place/ сайт арқылы мұражайға онлайн саяхаттауға болады.

Британ мұражайының құндылықтары.

1753 жылы маусымда Джордж II Британ мұражайын құру туралы Парламент актісіне қол қойды. Құрылу актісімен Слоан коллекциясына Коттон кітапханасы мен Харли кітапханасы қосылды. 1757 жылы оларға корольдік кітапхана



да қосылды, сонымен қатар Ұлыбританияда шыққан кез-келген кітаптың көшірмесін алу құқығы. Мұражайдың алғашқы төрт коллекциясында Британдық әдебиеттің шынайы қазыналары, соның ішінде ортағасырлық "Беовульф" эпосының тірі қалған жалғыз көшірмесі болды. Британ мұражайы бірнеше себептерге байланысты мұражайлардың жаңа түрінің жаршысы болды: ол тәжге де, шіркеуге де тиесілі емес еді, оған кіру тегін болды және ол өз коллекцияларында адамзат мәдениетінің алуан түрлілігін қамтуға тырысты. Монтагу Үйі-Хаусмонтегу Үйі Мұражай бастапқыда мұражай ретінде сатып алынған XVII ғасырдағы сарай Монтагу үйінде орналасқан. Бір қызығы, мұражайдың Қамқоршылар Кеңесі Букингем сарайы деп аталатын Букингем үйінде коллекциялар орналастырылған нұсқаны қабылдамады, бұл жоғары шығындар мен қолайсыздықты тудырды.

Италия. Ватикан мұражайы


Ватикан мұражайларын Рим папалары 18 ғасырда – Клемент XVI (1769-1774) және Пиус VI (1775-1799), олар халықты мәдени ағарту мақсатында алғаш рет өнер коллекцияларын көпшілікке ашты. Осылайша, алғашқы мұражай кешені өз меценаттарының атымен аталады-Пиус-Клемент мұражайы (Museo Pio-Clementino)

Ватикан мұражайлары коллекциясының тарихы 1506 жылы 14 Қаңтарда Эсквилин жүзімдіктерінен табылған Лаокун мен оның ұлдарының мәрмәр мүсінінен басталады. Рим папасы Юлий II табылған зат туралы біліп, оны бірден сәулетші Джулиано да Сангалло мен мүсінші Микеланджело Буонарроти жіберді. Сангалло жұмыстың дұрыстығын растады, ал Микеланджело оны иесінен сатып алуды ұсынды. Юлий II оны табылғаннан кейін тура бір айдан кейін Ватикан Белведередегі арнайы тауашада көпшілікке қол жеткізу үшін орнатты.



Голландия. Рейкс мұражайы

Мемлекеттік мұражай - Голландия өнері мен тарихына арналған және орналасқан Нидерландының ұлттық мұражайы Амстердам мұражай Оңтүстік Амстердам аймағындағы мұражай алаңында, Ван Гог мұражайының, Амстердамның Стеделик мұражайының және Концертгебаудың жанында орналасқан. Мемлекеттік мұражай 1798 жылы 19 қарашада Гаагада құрылып, 1808 жылы Амстердамға көшіп, алдымен Король сарайында, кейінірек Триппенхейсте орналасқан. Қазіргі бас ғимаратты Пьер Кейперс жобалаған және алғаш рет 1885 жылы ашылған. [2013 жылдың 13 сәуірінде 375 миллион еуро тұратын он жылдық қайта құрудан кейін бас ғимаратты Беатрикс ханшайымы қайта ашты. 2013 және 2014 жылдары бұл Нидерландыдағы ең көп баратын



